



А.О.Сейтова

А.О.Сейтова

2025-2026 оқу жылы

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар «Гүлдер» ересек тобының сөйлеуді дамыту («Ойын әрекетінің мектеп жасына дейінгі балалардың грамматикалық сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге әсері» бағдарламасы) арнайы түзету іс-әрекетінің 2025-2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспары
Логопед: Г.Қ.Әбжапбарова

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау, диагностикалық жұмыс жүргізу. Сөйлеу мүшелерінің құрылысын және артикуляциялық қозғалысын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтуға және ажыратуға үйрету. Сөздік қорды кеңейту, зат есім мен етістікті байланыстырып айтуға жаттықтыру. Фонематикалық қабылдауын дамыту. Сурет бойынша салыстырып сипаттау, қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету. Зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.
Қазан 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын жетілдіру. Саусақ жаттығулары арқылы сөйлеуді белсендендіру. Дыбыстарды дұрыс айту машықтарын бекіту. Сөздерді буынға бөлуге және дыбыстық талдауға үйрету. Сөздік қорды байыту, қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдер

Меллер
1

	құрастыруға жаттықтыру. Сурет арқылы әңгімелеуге баулу. Зейін мен есте сақтауды дамыту.
Қараша 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды кеңейту, жаңа сөздерді сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету. Артикуляциялық, тыныс алу және саусақ моторикасын жетілдіру. Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. Сурет арқылы байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. Заттардың пішіні, түсі, көлемі бойынша сипаттауға үйрету. Қоршаған ортаға ұқыптылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Желтоқсан 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру, сөздік қорын жаңа тақырыптық ұғымдармен толықтыру. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Фонематикалық есту мен дыбысты дұрыс айту машықтарын жетілдіру. Сурет бойынша әңгімелеу және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыруға үйрету. Қоршаған ортадағы көлік түрлерін, мамандықтарды ажырата білуге дағдыландыру. Достыққа, ынтымаққа және ұжымда бірлесе әрекет етуге тәрбиелеу.
Қаңтар 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу деңгейін бағалау, жаңа дыбыстарды айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу моторикасын дамыту. Сөздерді буынға бөлу, сурет бойынша әңгімелеу, табиғат құбылыстарын сипаттап айтуға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Танымдық процестер мен сөйлеуге қызығушылықты арттыру.
Ақпан 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика, тыныс алу және саусақ қимылдарын дамыту. Дыбыстарды анық айтуға, сөздік қорды кеңейтуге үйрету. Фонематикалық қабылдауды жетілдіру. Сөздерді буынға бөлу, сөздің басындағы дыбысты

МФ 2

	анықтауға жаттықтыру. Үстеу сөздерді түсіну және қолдануға үйрету. Кеңістікті бағдарлауға, сөйлемдер құрауға жаттықтыру.
Наурыз 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика мен сөйлеу тынысын жетілдіру. Көптік жалғауларды дұрыс қолдануға, сөздердің антонимдерін табуға және сөйлеуде қолдануға үйрету. Талдау-жинақтау қабілетін дамыту. Ертегіні тыңдап, тірек суреттер арқылы мазмұнын айтуға жаттықтыру. Кейіпкерлер рөлін ойнап, шағын сахналау жұмыстарын ұйымдастыру. Танымдық және эмоциялық дамуға ықпал ету.
Сәуір 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды байытып, жаңа сөздерді сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету. Фонематикалық қабылдауды жетілдіру. Сурет бойынша сипаттап әңгімелеуге жаттықтыру. Салыстыру, талдау және жинақтау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортадағы өзгерістерді байқауға, қамқорлық пен мейірімділік сезімін қалыптастыру.
Мамыр 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру, жыл бойғы меңгерген білім мен дағдыларды бекіту. Сөздерді дұрыс айту, сөйлемдер құрастыру, байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. Сурет немесе көрнекілік арқылы әңгімелеу. Тәртіп пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғат пен адамдарға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

3



Бекітемін
"Ақтөбе облыстық "Нектар" арнайы
балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 оқу жылы

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар «Гүлдер» ересек тобындағы
балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» арнайы түзету
іс-әрекетінің «Ойын әрекетінің мектеп жасына дейінгі балалардың грамматикалық
сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге әсері» атты жұмыс бағдарламасы

Ақтөбе, 2025-2026 оқу жылы

Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының оқу-әдістемелік кеңесінің №3 хаттамасы шешімінің негізінде баспаға ұсынылды.

Құрастырушы авторлары:

Сейтова Асия Орынбасаровна - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының меңгерушісі;

Әбжапбарова Гауһар Қанатбекқызы - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектолог-логопеді;

Нағашыбаева Әсемгүл Көбейсінқызы - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының тәрбиешісі;

Бекниязова Толғанай Нұркенқызы - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектолог-логопеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты бойынша балалардың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндіктеріне қарай, олардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін ескере отыра балалардың көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейіні мен ойлау қабілеттерінің даму барысын анықтауға арналған дидактикалық, сюжетті-рөлдік, дамытушылық, драматизациялау, қимылды ойындар, саусақтармен ойын - жаттығулар жинағын ұсынады.

Түсінік хат

«Ойын бала бойындағы ішкі процестерге, ішкі сөйлеуге, логикалық есте сақтауға, абстрактілі ойлауға ауысады»

Л.С.Выготский

Егемен еліміздің дамуы онда өмір сүретін халықтың денсаулығы және білім деңгейімен бағаланады. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңында Қоғамдағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындау, оларды тәрбиелеу, оқыту, балалар ақаулықтарын алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру қарастырылған. Еліміздегі әрбір азаматтардың құқығын қорғайтын демократиялық республикамыздың Заң жүйесі негізінде және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз»-дей отырып, білім алуға ерекше қажеттіліктері бар еліміздің әрбір азаматының денсаулығын жақсарту мәселесіне айрықша назар аударуды талап етті.

Мектеп жасына дейінгі балаларда таным процесін дамыту және сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде ойын әрекеті маңызды болып саналады. Әсіресе ойын әрекетінің ішінде сөйлеу дағдыларын дамытушы дидактикалық ойындар маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, ойын әрекетінің бала психикасының толыққанды, жан-жақты дамуына, олардың сөйлесуіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау тәжірибесіне әсер етуін, оқу әрекетіне қызығушылық тудыруы қажеттілігін де ескерген жөн.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың таным қабілетін, білімін жүйелеу, ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын арттыру, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.

Бағдарламаның мақсаты:

- түсінгендерін әңгімелеп жеткізе білу;
- басынан өткен өмірлік оқиғаларды салыстыра, байланыстыра білуі;
- ойын арқылы логикалық ойлай білуге үйрету;
- әрі қарай өз бетімен бейімделуін қалыптастыру.

Міндеттері:

- танымдық және ойлау дағдысын қалыптастыру;
- байланыстырып сөйлеу тілін ойын арқылы дамыту;
- баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;

-грамматикалық сөз қатарын дамыту.

Ойын жинағын қолдану барысында күтілетін нәтиже:

Білу: Балалардың ойын түрлерін біліп, заттарды белгілері бойынша танып, салыстыра білуі

Болу: Әрбір ойынның шарты болатындығы жайлы түсініктерінің болуы

Қолдану: Балалардың өз беттерінше ойынды ұйымдастыра білуі, өз ойларын толық жеткізе білуі, балалармен қарым-қатынаста болып, ойын шартын бұзбай ойнауы.

Бұл бағдарлама мынадай бөлімдерден тұрады:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарының классификациясы;
- Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы және оны дамытудың әдістері;
- Тақырыптық жоспар;
- Байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған ойын әрекеттері.

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Біздің екінші үйіміз	Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту.Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. «Балабақша» тақырыбы бойынша сөздік қорын арттыру және кеңейту. Балабақшаға деген мақтаныш, құрмет сезімдерін дамыту.	1
2	Ойлан, тап!	«Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту.Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту.	1
3	Мына үйде кім тұрады?	Балалардың отбасы туралы білімдерін жүйелеу және анықтау. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту,байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру,тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру, фонематикалық түсініктерін дамыту.Отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру.	1
4	Дене мүшелерін ата	Балаларға өз дене мүшелерін, сезім мүшелерін ажырата білуге, дене мүшелерінің атқаратын қызметі мен, бір-бірінен айырмашылығын танып-білуге, айтып ажыратуға үйрету	1
5	Бұл қай кезде болады?	Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру.	1
6	Жемістерді ажырат	Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір - бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемістерімен жақын таныстыру,ойлау қабілеті мен сөздік қорларын байыту.	1
7	Не қайда өседі?	Көкөністерді бір-бірінен айыруға,олардың түстері, жинап алатын мезгілін білуге үйрету. Көкөністердің пайдасы туралы әңгімелеу. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау.	1

8	Бұл неге жатады?	Тақырып бойынша сөздік қорларын молайту және олардың түлерімен танысу. Жидектер туралы және олардың ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Жеуге болатын саңырауқұлақ түрлеріне тоқталу.	1
9	Бауырсақ ертегісі	Балаларға нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
10	Қателесіп қалма?	Ағаштардың адамға не үшін қажет екенін, олардың қандай болатынын түсіндіру. Тақырыпқа байланысты балалардың белсенді сөздік қорын молайтып, сөз тіркесін құрауға үйрету.	1
11	Не қайда тұрады?	Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету, қолдануы және бөліктері, жасалған материалын таныстыру. Сөздік қорын дамыту.	1
12	Сөзді айтуға көмектес	Тұрмыстық электр құралдарының қалай аталуын және оның атқаратын қызметімен таныстыру. Олардың қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Сөздік қорын, сөйлеу тілін, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1
13	Дұрыс құрастыр	Көліктердің түрлерімен, қай жерде қандай көлікпен жүру керектігіне үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету.	1
14	Мен өскенде кім болам?	Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.	1
15	Тәуелсіздік - тұмарым, Мәңгілік ел - тұрағым	Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Патриотизмге тәрбиелеу.	1
16	Сыңарын тап!	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.	1

17	Бұл қай мезгілде болады?	Қыс мезгілімен таныстырып, білімдерін кеңейту. Қыс мезгілін басқа мезгілдерден айыра, айырмашылығымен ерекшеліктерін баяндау білуге үйрету. Байланыстыру сөйлеуге үйрету.	1
18	Ненің төлі?	Үй жануарлары бойынша сөздік қорларын кеңейту. Үй жануарларының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.	1
19	Дауысын тап!	Үй құстары туралы сөздік қорларын кеңейту. Үй құстарының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.	1
20	Мекені қайда?	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін тереңдету. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Жануарлар әлеміне саяхат арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	1
21	Қар үстіне қонады	Балалардың қыстап қалатын құстарды атап, олар жайлы түсініктерді кеңейту. Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту.	1
22	Неден жасалған?	Балалардың қарапайым ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту, түрлерімен таныстыру. Олардың тұрмыста қажеттілігін түсіндіру. Тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайту.	1
23	Бір сөзбен ата	Азық –түлік аттарын қазақша атай алуға, естеріне сақтауға жаттықтыру. Дәрумендер – табиғи қорғаушылар екенін ұғындыру, олардың пайдасы жайлы түсіндіру.	1
24	Сәйкестендір	«Киімдер» туралы түсініктерін кеңейту, олардың атын атап қандай материалдан жасалғанын және не үшін керек екенін айтып тани білуге үйрету. Киімдердің түстері, пішіндері туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
25	Сикырлы суреттер	Балаларға аяқ киім түрлері, қысқы аяқ киімдер туралы түсінік беру. Әр мезгілге тән аяқ киімдерді ажырата білуге үйрету. Олардың адам үшін маңыздылығын ұғындыру.	1
26	Ана-біздің күніміз!	Балаларға 8-наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыру. Мереке қалай аталып өтетінін әңгімелеп беру. Тақырыпқа байланысты белсенді сөздік қорын молайту.	1
27	Ерте, ерте, ертеде...	Ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру.Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Ойлау,	1

		қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету.	
28	Қош келдің әз— Наурыз!	«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу	1
29	Сипатта	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту.	1
30	Отанымды табамын!	Балалардың көктем құстары туралы білімдерін және олардың немен қоректенетіні, дене бітімі туралы білімдерін бекіту. Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстар туралы көркем сөздерді пайдаланып сөздік қорын, ой-өрісін дамыту.	1
31	Ғарышқа саяхат	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Сөздік қорларын байыту. Есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін, зейіндерін, көріп тану қабілеттерін дамыту	1
32	Сөз құра	Балалардың теңіз, мұхит ұғымын бекіту. Судың қасиетін, теңіздегі балықтар туралы, теңіз асты заттар, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру.	1
33	Түсіне қарай ажырат	Гүлдер туралы түсініктерін кеңейту, түстерді ажырата білуге үйрету. Белсенді грамматикалық сөздік қорын молайту. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету.	1
34	Отанымды сүйемін!	Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата-бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу.	1
35	Жәндіктер	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы, атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту.	1
36	Алақай, жаз!	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Тақырыпқа сәйкес сөздік қорларын молайту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену.	1

Қорытынды

Тәуелсіз еліміздің мәдениеті, рухани байлығы ұрпағымыздың игерген біліміне, іскерлігіне, сөйлеу тілі мен сөйлеу мәдениетіне, ойлау қабілетіне байланысты.

Бүгінгі таңда да, болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан, бүгінгі білім - болашақта өз білімін жетілдірудің және дамытудың негізі. Мұнан шығатын қорытынды балалардың сөйлесу тілін қалыптастырудың, дамытудың тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі екендігі сөзсіз.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жүргізілген педагогикалық-тәжірибелік эксперимент жұмысы белгіленген болжамының дұрыстығын дәлелдеді.

Балалардың грамматикалық сөйлеу тілі қабілетінің деңгейінің дамуы өздігінен пайда болмайды. Ол жүйелі,арнайы мақсатты жұмыстарды талап етеді.

Тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен орындату арқылы балалардың сөйлеу тілі қабілеттерін дамытуда неге басты назар аудару керектігіне көңіл бөлген жөн.

Балалардың сөйлеу тілі қабілетін дамыту жүйелі, мақсатты жұмыс түрлері мен әдістеріне байланысты дидактикалық ойындарды қолдана отырып жүргізілсе, жұмыстың сәтті аяқталуына ықпалын тигізері сөзсіз.

Сонымен қатар әдістемелерді әртүрлі тәсілдермен орындатуда әртүрлі тәсілдер қолданылып сөйлеу тілін қалыптастыру тапсырмаларын түріне қарай өзгертіп түрлендіріп отырған жөн.

Сөздік қорының шектелуі мен жұтандығы, әр түрлі дәрежедегі жинақтаушы сөздердің көптілігін білмеу оқушылардың сөйлеу тілінде нақтылықтың болмауына және сонымен қатар ойды жинақтай білмеуге әкеліп соқтырады. Грамматикалық сөйлеу тілі құрылымының бұзылыстары бар балалар негізінен өздерінің жұтаң тәжірибелері шегіндегі күнделікті сөздерді ғана түсінеді. Олар қарапайым байланыстырып сөйлеу дағдыларында меңгермеген.

Грамматикалық сөйлеу тілі құрылымының бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларда мұндай қорыту болмайды. Олар үнемі қолданылатын заттар мен жиі қайталанатын әрекеттерді білдіретін сөздерді және сөйлемдердің қарапайым құрылымдарын еліктеу арқылы меңгереді.

Балалардың сөйлеуі әңгіменің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Балалардың сөйлеу қызметін қалыптастыруға тапсырма берілгенде сөйлеу қызметі басқарылады, қателерін түзетеді, белгілі бір заттар мен құбылыстарға зейін аударуға, дұрыс бақылауға және олардың байланысын табуға, өз әсерін, талдауын сөзбен жеткізе білуге үйретеді. Балалардың қойылған сұраққа жауап беру нәтижесінде олардың сөйлемді дұрыс құру икемділіктері бекітіледі, заттарды сипаттау, көргендерін айту арқылы өз ойын байланысты түрде айта білуге үйретеді.

Сөйлеу тілін дамыту сабақтарындағы сөздік жұмыс үш бағытта жүреді:

- Сөздік қорын жаңа лексикалық бірліктерді (сөздерді) қолдану арқылы байыту;
- Таныс сөздердің мағыналарын нақтылау;
- Балалардың сөздік қорын жандандыру;

Грамматикалық сөйлеу тілі құрылымының бұзылыстары бар балалар суреттегі таныс заттарды кейде танымайды. Олар суретті шынайы жағдайлармен байланыстыра алмайды. Әсіресе, тақырыпты суреттегі кейіпкерлердің арасындағы байланысты таба алмайды. Сондықтан сөйлеу тілін дамытуға арналған барлық сабақтар белгілі бір дәйектілікпен (нақты заттар, шынайы өмір жағдайларынан олардың бейнелеріне, содан кейін сипатталуына көшеді) жүргізіледі:

- Сурет бойынша өз пікірін айта білу;
- Қарапайым тақырыпты жұмыс;
- Суретте бейнеленген жағдайларды түсініп, соларды үлгілей білу;
- Суретте бейнеленген заттарды тану және атау;
- Нақты заттарды тану және атау;
- Балалардың түсінуіне оңай тақпақ, ертегі, әңгімелерді оқу.

Сұрақты–жауаптық, диалогті сөйлеуді дамыту. Сұрақтарға жауап беру арқылы байланыстыра сөйлей білуге дайындау.

Тапсырмаларды дұрыс жүйелі ұйымдастыру, тиісті тәсілдер мен әдістерді қолдану балалардың танымдық қабілеттерін, сөйлеу тілін дамытуға себепкер болады.

Арнайы білім беру балалардың сөйлеу және ақыл–ойының дамуын, танып білу әрекетіне дайын болуын қамтамасыз етеді.

Жұмысымызды, нәтижелерді қорытындылай келе, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы грамматикалық сөйлеу тілі құрылымының бұзылыстарын түзетуге болатындығына толықтай көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Логопедия. Л. С. Волкованың ред. М., Просвещение 2009, 345-383 б.
2. Өмірбекова Қ. Қ., Логопедия, Алматы 2006, 192-218 б.

3. Өмірбекова Қ. Қ. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары. Алматы, 2009
4. Садовникова И. Н. Нарушение письменной речи, их преодоление у младших школьников. М., Владос 2007.
5. И.А.Смирнова «Логопедическая диагностика коррекция и профилактика нарушений речи у дошкольников» Санкт-Петербург 2007. – 192б. – Б.87.
6. Забрашкая С.Д. «Наглядный материал для психолого – педагогического обследования детей в медико-педагогических комиссиях». Киев 2008. - 180б.-Б.18.
7. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. «Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников». М:Просвещение, 2000. – 239с. – С.27.
8. Т.Б.Филичева, Н.А.Чевелева, Г.В.Чиркина «Основы логопедий». Москва «Просвещение» 2009. – 209с. – С.126.
9. Л.С.Волковой «Логопедия», Москва «Владос» 2007.-703с.-С.513.
- 10.М.С.Грушевская «Недоразвитие речи у младший дошкольников и его преодоление». Алматы «Мектеп» 2009. – 55с. – С.9.
- 11.Основы теории и практики логопедии под. Ред. Р.Е.Левинной. М.2008. – 272 с.-С.27.
- 12.Лалиева Р.И., Серебрекова Н.В. «Коррекция общего недоразвития речи у дошкольников». Санкт-петербург 2009. – 92с. – С.5.
- 13.Глухова В.И. «Особенности связной монологической речи детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи». Л,2007.-560с.-С.86.
- 14.Научно-методический журнал. // Дефектология. 2007,5. №5,49 б.
- 15.Елубаева Қ.Қ. «Ойын терапиясы» Алматы,2004.-24б.-Б.3.
- 16.Өмірбекова Қ.Қ, Өмірбекова С.Ж. «Фонетикасы мен фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу». Алматы,2004. -64б.-Б.58.
17. Каше Г.А. Подготовка к школе детей с недостатками речи.М.П.2005.- 275с.-С.6.
- 18.Правдина О.В. Логопедия.М.2003.-460с.-С.4.
- 19.Фомичева М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения.М.2001.- 280с.-С.171.
- 20.Г.Қасымова. Танымдық іс әрекетті түзету.Алматы.2004.-51б.-Б.6.
- 21.З.А.Мовкебаева. Сөйлеу тілін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқау. Алматыкітап.2002.-31б.-Б.25.
- 22.Дефектология./2005.-32-34 б.№2.